



«ҚАЗАҚША САЙРА-2014»

# Рахымжан Отарбаев

Әңгімелер жинағы (қазақ және орыс тілінде)

## ПЕРІШТЕЛЕР ҰЙЫҚТАМАЙДЫ

Электрондық оқулық

# Рахимжан Отарбаев

Сборник рассказов (на казахском и русском языках)

## АНГЕЛЫ НЕ СПЯТ

Электронная книга

Қазақстанда кеңінен танымал прозашы, драматург Рахымжан Отарбаевтың әңгімелер жинағын біріктіретін «Періштелер ұйықтамайды» кітабы Академик З.Қабдолов атындағы қордың (әдеби-тарихи мәдени «Алшы» қорымен серіктестік негізінде) атыраулық жазушылардың электрондық кітапханасын екі тілде қалыптастырудағы кезекті үлесі болып табылады.

Бастапқыда кітаптың түпнұсқалық мәтіні қазақ тілінде жазылып, барлық шығармаларды жазушы, ақын, Бекет Қарашин (он сегіз әңгіме) және аудармашы Қалиолла Байменов тәржімалаған (соңғы он әңгіме)

Осылайша, кітаптың барлық мәтінін лексикалық білім аспектісін орындауға қабілетті біртұтас көркем сөздік-аудармашы қызметінде деуге болады. Яғни, мазмұн екі тілге аударылып, мәтіннің түпнұсқасы іспетті кіріктірілген интерактивті сөздіктің қызметін атқарады, сондай-ақ, жинақты оқу кезінде онлайн режимінде орыс тілінен қазақ тіліне және керісінше аударма жасауға мүмкіндік береді.

Кітап үлгісі электрондық кітаптарды пайдаланушылар арасында бүкіл әлемде кеңінен таралған iPad және Android тұғырнамаларымен біріктірілген, яғни олар электрондық әдебиеттің барлық дерлік ридерлер типін тұтынушыларға қолжетімді етуге мүмкіндік жасайды.

Жинақ тізбектеу арқылы жалпы қолжетімді әдеби серверлерде, танымал ақпараттық және әлеуметтік желілерде, Қабдолов қорының сайтында, жобаның арнаулы сайтында, сондай-ақ серіктестердің, жазушылар одағы мен әдеби клубтардың электрондық пошталарына жіберу арқылы таратылады. Кітапты жүктеп алу тегін.

Аталған кітап Академик З.Қабдолов атындағы қордың «Қ@З@ҚШ@ С@ЙР@-2014» жобасы бойынша «Теңізшевройл» ЖШС-нің қаржылай демеушілігі негізінде шығарылған. Ол қазақ тілін үйренуге ынталы көпшілік оқырманға арналған.

*Редакциялық алқа:*

*Бас редактор - Бекет Қарашин;*

*Редакторлар – Габит Молдамұрат, Г. Пряхин;*

*аудармашылар – Б. Қарашин, Қ.Байменов;*

*Құрастырушы - Бекет Қарашин*

*Кітапты беттеуші және дизайнер – И. Борзых*

Книга «Ангелы не спят», представляющая собой сборник рассказов широко известного в Казахстане прозаика и драматурга Рахимжана Отарбаева, является очередным вкладом фонда им. академика Кабдолова (в партнёрстве с Литературно-историческим культурным фондом «Алшы») в формирование уникальной электронной библиотеки атырауских писателей на двух языках.

Оригинальный текст книги был изначально казахским. Все произведения претерпели процесс перевода в исполнении писателя и поэта Бекета Карашина (восемнадцать рассказов) и переводчика Калиоллы Бейменова (десять последних рассказов)

Таким образом, весь текст книги представляет собой единый художественный словарь-переводчик, способный выполнять образовательный аспект. То есть содержание лексически адекватно дублируется на двух языках, представляя собой как текст оригинала, так и встроенный интерактивный словарь, который позволяет в процессе чтения в он-лайн режиме получить перевод с русского на казахский, и наоборот.

Формат книги совмещается с наиболее распространенными среди пользователей электронных книг во всём мире платформами iPad и Android, что делает ее доступной пользователям практически всех типов ридеров электронной литературы.

Сборник распространяется посредством выкладки на общедоступных литературных серверах, в популярных информационных и социальных сетях, на сайте фонда Кабдолова, специализированном сайте проекта, а также многочисленных рассылок по электронным адресам партнёров, писательских союзов и литературных клубов. Скачивание книги бесплатное.

Книга издана на инвестиционные средства ТОО ТШО по проекту фонда имени академика Зейноллы Кабдолова «Қ@З@ҚШ@ С@ЙР@-2014». Она предназначена для широкого круга читателей и масс, заинтересованных изучить казахский язык.

*Редакционная коллегия:*

*Главный редактор - Бекет Карашин,*

*Редакторы – Габит Молдамұрат, Г. Пряхин (Москва)*

*Переводчики - Б. Карашин и К. Байменов;*

*составитель – Б. Карашин,*

*Верстальщик и дизайнер – Ирина Борзых*





## РАХИМЖАН ОТАРБАЕВ

Отарбаев Рахымжан - 19/10/1956 жылы Атырау облысы, Құрманғазы ауданында туған.

Отарбаев Рахимжан - родился 19/10/ 1956 года в Курмангазинском районе Атырауской области.

1977 жылы Орал педагогикалық институтын бітірген. Әр жылдарда «Орал өңірі» газетінде тілші, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Қазақ телерадиокомитетінде редактор, «Қазақ әдебиеті» газетінде, «Жалын» альманахында бөлім меңгерушісі, Қырғызстанда Қазақстан елшілігінің аттасесі, Маңғыстау облыстық телерадио компаниясының төрағасы, Атырау облыстық драма театрының директоры, ҚР Президенті Әкімшілігінде сектор меңгерушісі қызметтерінде болған. Астанадағы Ұлттық академиялық кітапхананың Бас директоры болып істеген.

В 1977 году окончил Уральский педагогич. институт. В разные годы работал корреспондентом в газете «Орал өңірі», учителем казахского языка и литературы, редактором в казахском комитете телерадио, в газете «Қазақ әдебиеті», заведующим отдела в альманахе «Жалын», атташе посольства Казахстана в Киргизии, Председателем компании радио-телевидение Мангистауской области, директором театра драмы Атырауской области, заведующим сектора Администрации Президента РК, Генеральным директором национальной академической библиотеки.

### Шығармашылығы:

Жазушының әр жылдары «Шер», «Жұлдыздар құлаған жер», «Жайық жыры», «Қараша қаздар қайтқанда», «Дауысыңды естідім», «Аспандағы ақ көбелектер, Біздің ауылдың амазонкалары, Айна-ғұмыр, «Отверженный мир» атты прозалық жинақтары және таңдамалы шығармаларының 2 томдығы жарық көрген. Қытайдың «Ұлттар» баспасынан қытай, қазақ тілінде 2 томдығы, Ресейдің «Художественная литература» баспасынан орыс тілінде бір томдығы және «Проводник судьбы» жинағы жарық көрген. Жекелеген шығармала-

### Творчество:

В разные годы были опубликованы его прозаические сборники: «Шер», «Жұлдыздар құлаған жер», «Жайық жыры», «Қараша қаздар қайтқанда», «Дауысыңды естідім», «Отверженный мир» и 2 тома избранных произведений. Издательство «Ұлттар» в Китае выпустило двухтомник на казахском языке, издательство «Художественная литература» в России выпустило однотомник на русском, а также сборник «Проводник судьбы». Отдельные произведения издавались на итальянском, английском, французском языках. В изда-

ры итальян түрік, ағылшын, француз тілдерінде басылған. «Каир» баспасынан «Соғыстың соңғы бомбасы» деген атпен 1 томдығы араб тілінде жарияланды. Көптеген пьесалары республикалық және шетел театрларында сахналанған.

**Атақтары:**

Махамбет сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, халықаралық Шыңғыс Айтматов сыйлығының лауреаты, халықаралық «Академик Зейнолла Қабдолов марапатының» иегері, «Парасат» орденінің иегері, «Атырау қаласының құрметті азаматы»

тельстве «Каир» была издана книга «Последняя бомба войны». Множество Пьес Рахимжана Отарбаева было поставлено республиканскими и зарубежными театрами.

**Награды и звания:**

Лауреат премии имени Махамбета, лауреат Международной премии имени Чингиза Айтматова, Заслуженный деятель РК, обладатель международной награды им. Академика З. Кабдолова, Обладатель ордена «Парасат», «Почётный гражданин города Атырау».





## НОБЕЛЬДЕН ҚАЛҒАН МҰРА

Үш алып трактор бедірейіп жатқан бедеу топырақты жырта қарыс қазып, уыстап тартып әзер жылжып келе жатты.

Жуандығы сасай бұқаның мойнындай шірей тартылған темір арқанға байланған мұнай соратын зәулім мұнара жер бауырлап жылжиды.

Шілде басы май тамызып, күн тас төбеде теңселіп тұрған-ды. Су дәмектен бозторғай кішкентай қайшыдай аузын аңызаққа тосады.

Дәрмен таппай, шыр айналып ұшып кеп, ақыры жорға бүлкілмен жылжыған мұнараның ұшар басына қонған.

Жібек орамалдай желпілдеп бір орам жұқашап бұлт көрініп еді, мына үш алыптың гүрілінен бас сауғалай қашты.

Иен даланы көктей өтіп қазған алты табан орға

## КАРТА НОБЕЛЯ

Три трактора-великана в одной упряжке медленно ползут, разрывая на целую пядь застывшую бесплодную землю.

Уходящая верхушкой в небо, нефтяная вышка скользит по грунту, скрепленная стальными тросами и жестким, обхватом с бычьей шеей, сцепом.

Солнце, в преддверии июльского зноя, растапливается над самой головой. Умаявшийся без воды жаворонок подставляет мимолетному суховею свой маленький, точно крохотные ножницы, клювик.

Не найдя упоения, вспархивает, кружится волчком и, наконец, садится на макушку ажурного сооружения, плывущего в медленном теме иноходца.

Трещина словно шелковый платок, вынырнул завиток прозрачного облака и куда-то вдруг опять улетел, наверное, спасаясь от этого грохота трех великанов.

Угоди в рваный ров шести гусениц, пробороздив-

түсіп кетсе, анау-мынау қозы-лақ шыға алмас.

Қайта үш трактордың соңында ұшар басы көк тіреп қалтаңдап келе жатқан мұнарасы жеңіл қозғалатындай. Табанында тайғанақ дөңгелегі бар-ау, шамасы.

Кеш кіріп еспе самал бел ала алдарынан бозбала жолықты. Қолында бүйірі майысқан қара шелек. Шелектің бір құлағында сынық сүйемдей байланған қызыл жіп қылтияды. Даланың тақтайдай айдау жолымен іздік шаң көтеріп кеп «Lexus» тізгін тартқан.

Қуығын зәр қысып келе жатты ма, тамағы қыздың жиган текше көрпесіндей қатпар-қатпар қарындысы аулақтау шығып ауын іздеп кетті. Жанындағы имек мұрын, сіліңгір қарасы тілге келді.

- Әй, бала, не іздеп жүрсің?

- Отынға жермай алайын деп.

- Жермайың кәдімгі мұнай ма?

- Иә.

- Ол қай жерде шығып жатыр? – деді ауымен алысып жатқан қарындысы кейінге мойын бұрып.

- Мына сордың етегінде.

- Молодец, өскенде мынау деген мұнайшы бола-сың!

Қолы етженді де кішкене екен. Бала бас бармақтың тек қылтиған тырнағын ғана көрді.

- Доссор қашық па?

- Екі қырдың астында жатыр.

- Айда, кеттік. Айттым ғой, ескі карта адастырмайды деп.

Доссор селосының күншығыс жақ бетіне жетіп

ших безлюдную местность, отставший козленочек-ягненок, – ему оттуда и не выбраться.

Напротив, вышка, буксируемая тракторами, упираясь верхушкой в небо и слегка покачиваясь, движется легко. Наверное, основание её стоит на колесной платформе.

С наступлением вечера и дуновением прохлады, навстречу им вышел подросток. В руках закоптелое ведро с помятым боком. У одного из ушек ведра торчит красная веревочка в четверть пяди. Затормозил «Lexus», несшийся, поднимая пыль, по степной накатанной, как доска, дороге.

Толстобрюхий детина, с плавными складками на шее, точно аккуратно сложенное девичье одеяло на сундучке, отошел в сторонку, копошась в собственной ширинке. Наверно, в пути стало ему невтерпеж. Заговорил другой, с пепельно-черным серповидным носом, который ехал рядом:

– Эй, пацан, что ты здесь шарить?

– Взять «земного масла» на растопку.

– «Земное масло» твоё – это нефть что ли?

– Да.

– Она, где, здесь выходит? – заинтересовался толстобрюхий, возившийся с собственной ширинкой, оглядываясь назад.

– Да тут у подножия солончака.

– Молодец, вырастешь большим нефтяником станешь!

Руки у него были полные, а пальцы короткие. Мальчик разглядел только короткий ноготок большого пальца.

– До Доссора еще далеко?

– За двумя буграми будет.

– Погнали. Говорю же, что старая карта не подведет.

Достигнув восточной стороны поселка Доссор,



зәулім мұнара тоқтаған. Жуандығы сасай бұқаның мойнындай шірей тартылған темір арқаннан босаған үш алып трактор еңтігін басып, анадай жерге барып ошарылысты.

Даланың тақтайдай айдау жолымен іздік шаң көтеріп жеткен «Lixустың» соңынан көп кешікпеді, үш бірдей көкала вагон бой түзей қалысты.

Пышырай өскен ақтікені аршылып, бір биіктеу төбе басына «Dossoroil» деген жазу жарқырай қонды. Өрістен қайтқан малды қарсы алуға шыққан ауыл адамдары қас пен көздің арасында көрші кеп шетелдік мұнай компаниясының қона қалғанын сонда бір-ақ білді.

Алыстан адым создырып келгендер вагондарына кіріп, тым-тырыс жата қалуға қымсынса керек, үрпиісіп тұрған доссорлық ағайындармен аз-кем таныстық бастады.

Тамағы қыздың жиган текше көрпесіндей қатпар-қатпары Джонсон мырза екен. Компания басшысы.

Ал, имек мұрын, сіліңгір қарасын партнері десті.

Ақшулан төс жүні бұрқырап иегіне жалғасып кеткені супервайзер. Іштерінде жатып-тұрып ақсайтын бір кемпір де жүр. Түймедей көк көзі шүңірейіп, семіп қалған. Шыңырау түбіндегі саркынды судай әйтеуір бірдеңе жылтырайды.

Өзге оншақты еркек естерінде қалып жарымады.

Ауыл әңгімесі ақсақ кемпірге ауып кеткен соң өзгеге мойын бұрғыза ма?

- Аспазы шығар, - деген бір әйел бота ұстап тұрып.

- Қой, бәрі бірдей аштан өлуге келмесе... Мынау қазан ұстап жарытпас.

- Біреуінің шешесі дағы. Қарайласатын ешкімі жоқ. Қайтсін енді...

ажурная вышка встала. Три великана трактора, сбросив ярмо натянутых стальных тросов и жесткого, обхватом с бычьей шеей, сцепа, утихомирившись, сгрудились поодаль.

Вслед за «Lexus»-ом, не намного отстав, прибыло три одинаковых цвета хаки вагончика.

Очистили землю, поросшую колючкой и осотом, на возвышенном лобном месте установили яркую вывеску «Dossoroil». Жители аула, встречая скот с выпаса, успев обернуться, заметили, как по соседству с ними благоустроилась иностранная нефтяная компания.

Должно быть, прибывшим издалека, показалось несколько неприличным быстро рассортироваться на отдых. Видать, поэтому они решили сгладить положение мало-мальским знакомством с нахохлившейся публикой Доссорских аборигенов.

Детина с плавными, точно аккуратно сложенное девичье одеяло на сундучке, складками на шее, оказался господином Джонсоном. Руководитель компании.

Своего пепельно-черного с серповидным носом попутчика он представил партнером.

Ещё одного с белесой волосатой грудью, поросшей до самого подбородка, назвал супервайзером. Среди них есть и старуха, сильно припадающая на одну ногу. Ввалившиеся пуговицы голубых глаз её потускнели. Но все же что-то в них поблескивает, как на дне пустынного колодца.

Остальные, с десятков мужчин, как-то и не задержались в их памяти.

Когда аульные пересуды зашли о хромои старухе, то разве обойдётся без гаданий?

– Повар их, видно, – сказала женщина, держа верблюжонка.

– Брось, они же не приехали с голоду помереть... Она и казан-то с места не сдвинет.

– Чья-то мать, конечно. Оставить не на кого. Бедняжка и приперлась...



Бақса, бұл ақсақ кемпір Америкадағы аты әйгілі ғалым екен. Кесірткенің кереметтей білгірі.

Қазақстан құмында әлі күнге аты ғылымға бей-мәлім кесіртке жүр деп естіпті. Мұрты тарам-тарам ұзын деседі.

Оны тапса әлемді дүр сілкіндірер жаңалық міне, міне ашылғалы тұр. Милли ханымның мына мұнай компаниясымен бірге еріп келгендегі басты мақсаты осы екен.

- Ойбай, мына тұрған түйеші Нағим күні бойы құм кезіп, кесіртке санайды, - десіп ауыл адамдары қашты-қуды ағылшыншасымен Джонсон мырзаны мәз етісті.

– Ендеше екі ғалымды бір қосайық. Өзінің кемпірі өліп, қутақым жүрген.

Мұны естігенде Милли ханым ғұмыр бойы күткен жаңалығын ашқалы тұрғандай шаттанып, қызыл бет, нарттай шалды құшақтап, қияқ мұртын қайырып аузынан сүйген...

Ертеңіне қазақ жағы қаптады. Қат-қат қағазға қол қойылды, бармақ басылды. Кешікпей атшаптырым аумаққа ғажайып кешен салынады. Сол жерден дүниенің төрт тарабына мұнай құбыры тартылады.

Сөйтіп кара алтынның бұлағы лақылдап кеп құйылады. Өндірілетін мұнайдың он пайызы осы елде қалады да, өзгесі шетел аспақ.

Тіпті, жұмысшылардың да он пайызын жергілікті мамандар құрайды. Міне, мерейінді асырған, мәртебенді тасытқан келісім!

Қуанышы қойнына симаған қазақ жағы ақ түйе сойып, ұлан-асыр той жасап та жіберді.

Джонсон мұнай өндіретін зәулім мұнараны мұнда тектен текке жетелеп келген жоқ-ты. Бұған дей-



Оказалось, что эта хромая старуха - известная в Америке ученый. Великолепный знаток ящериц.

Прослышала, что в казахстанских песках обитает доселе неизвестный науке вид. Сказывают, длинная, с удивительно ветвистыми усами.

Если она её найдет, то мы, гляди, стоим на пороге открытия, которое всколыхнет мир. Это и есть основная нить, которая скрепила госпожу Милли и эту нефтяную компанию.

– Ого, и у нас есть знаков природы - верблюжий староста Нагим. Целыми днями рыскает по пескам, считая ящериц, – заявили аульные люди господину Джонсону на своем несуразном английском, тем самым, немало его позабавив.

– Раз такое дело, давайте, объединим усилия двух ученых. Старуха его померла, он вдовец.

Услышав это госпожа Милли, словно перед открытием, которого ждала всю жизнь, пришла в восторг, обняла краснощекого крепкого старика, расправила обвисшие подковой его усы и поцеловала прямо в уста...

На следующий день прибыла казахская сторона. Подписались кипы бумаг, скрепились печати, и соблюлись интересы сторон... В скором времени на площади размахом с конный ипподром будет возведен грандиозный комплекс. От него на все четыре стороны света протянутся линии нефтепроводов.

Таким образом, отсюда заколобродит неиссякаемый родник черного золота. В стране останется десять процентов произведенной сырой нефти, остальное же пойдет за рубеж.

К тому же, десять процентов рабочей силы составят наши местные кадры. Вот она – сделка века! Вот что поднимает наше достоинство, возвышает престиж нашей Родины!

Неумная гордость переполняла грудь, и казахская сторона, преподнеся в жертву белого верблюда, устроила обильный банкет.

Джонсон же не даром приволок сюда подпирающую верхушкой небо ажурную нефтьвышку. И





ін Африка елінің сүт бетіндегі қаймағын қалқып ішкен.

Бангладешке де бұрғы жүгірткен. Колумбияның да қойны-қонышын ақтарған. Кувейтті де көргісі кеп еді-ау...

Бірақ жоспары аяқ асты бұзылды. Бұзған осы жанындағы имек мұрын, сіліңгір қара. Мұның имек мұрнының иіс сезбейтін жері болса-ше?

- Швеция мұнай компаниясының архивариусы менің ескі танысым, - десін бір кеште вискиге мұз салып жатып.

- Ал, сосын?

- Ол маған құпия бір сыр айтты.

- Мә, құлағым!

- Оның қолында Нобельдің өз қолымен сызған карта бар екен.

- Рас па?

- Рас. Бірақ өте құпия сақтаулы!

- Не сұрайды?

- Қоя тұр. Ол орыс революциясына дейін Доссор деген жерден мұнай өндірген. Кейін орыстар қуып шыққан.

- Айтшы тез.

- Архивариустың әңгімесіне қарағанда мұнайды жерден шелектеп, бөшкеlep құйып алыпты да Гурьевке жеткізген. Сосын Каспий теңізі арқылы...

- Құрсын! Негізгісіне кел!

- Сонда Нобель зерттеу жүргізіпті.

- Ал...

- Доссорда 7-14 мың метр аралығында дүниежүзіне жететін жүз жылдық мұнайдың орасан зор қоры жатыр, депті.

- Мәс-саған! Орыстар неғып игермеген?

до этого в какой-то африканской стране он пенку снимал.

Бурил в Бангладеше. Разведовал и недра Колумбии. Намечал и в Кувейте поработать...

Да планы нарушились внезапно. И нарушил их его пепельно-черный с серповидным носом партнер. Есть ли такое место на земле, которое не учуял бы кривой его нос?

– Архивариус Шведской компании мой давний приятель, – сказал он в один из обычных вечеров, кладя лёд в виски.

– Что из того?

– Он поведал мне одну тайну.

– Я весь внимание!

– Он держит карту, которая начертана Нобелем собственноручно.

– Не может быть!

– Точно! Но хранится в большом секрете.

– Что просит?

– Не торопись. До начала русской революции он, как известно, добывал нефть в местечке Доссор. Потом русские его оттуда выгнали.

– Короче.

– По словам архивариуса, нефть тогда черпали из земли ведрами, бочками отвозили в Гурьев. Затем по Каспийскому морю...

– Черт с ним! Скажи, в чем тут суть!

– Нобель уже тогда проводил исследования.

– Ну, и...

– Он писал, что в Доссоре на глубине 7 тире 14 тысяч метров залегают гигантские залежи нефти, которых бы хватило миру на ближайшие сто лет.

– Это ж надо! Почему же тогда не освоили русские?



- Игергісі келген. Бірақ бұрғысы тұз қабатынан өткенімен 5 мың метрден аса алмапты. Сосын жылы жауып қойыпты. Тіпті ұмытыпты деседі.

- Картаны қалай қолға түсіреміз?

- Көшірмесін алуға болады?

- Архивариус қанша сұрайды?

- 10 млн. доллар.

- Көп!

- Болашақта дүниежүзіне иелік ететін бизнесменге бұл көп пе?

Имек мұрын, сіліңгір қара отырған орнынан атша қарғыды.

– Атақты Рокфеллер әулеті менің хабарымды зарыға тосып отыр. Ендеше...

- Тоқта, мырзам!..

Кесірткенің кереметтей білгірі Милли ханым менің теңім осы-ау, дегендей Нағимды көбірек төңіректейді. Кесірткеден бұрын түйешінің бойын өлшеді.

Қол-аяғын жаздырып көрді. Құлағынан тартты. Тілін шығартты. Енді қай жерімді қызықтар екен деп тұрғанда әйтеуір абырой беріп сонымен тоқтады.

- Жасың нешеде? – дейтін көрінеді.

- Жетпіс сегізде!

- Мүмкін емес!

- Е, неге?

- Мынадай денсаулық аса дамыған ел адамдарында жоқ. Обориген түгел!

- Қайдан білейін.

- Не тамақ ішесің?

– Освоить хотели. Однако бур хоть и прошел солевые пласты, но застрял на отметке 5-ти тысяч метров. Они тихо прикрыли до лучших дней. А потом и сами запомнили.

– Кабы нам эту карту заполучить!

– Попробовать достать копию можно.

– И сколько архивариусу?

– 10 миллионов, американских.

– Многовато!

– Многовато для бизнесмена, который завтра будет править миром?!

Пепельно-черный с серповидным носом вскочил с места как конь.

– Славное семейство Рокфеллеров ждет моей весточки. В таком случае...

– Погоди, господин хороший!..

Великолепный знаток ящериц, отчасти принимая старика Нагима за ровню, стала держаться к нему ближе. Прежде длины ящерицы измерила рост породистого верблюдовода.

Попыталась описать антропологию его рук и ног. Тянула за ухо. Осматривала язык. Пока он ожидал, какое же место её заинтересует дальше, она, к великой чести, остановилась.

– Сколько тебе лет? – спросила, говорят, она.

– Семьдесят восемь!

– Не может быть!

– Это почему же?

– Такого здоровья не бывает даже у людей в цивилизованных странах. А тут абориген!

– Не могу знать.

– Что вы едите?



- Шұбат. Сосын ет пен май, қаймақ...
- Көкөніс, витамин...
- Оларды мына түйе жейді. Түйені біз жейміз. Витамин деген сол емес пе?
- Неткен тағылық!
- Бұ жазғанның аяғына не болған?, – деп енді бұл тілге келсін.
- Сіңірі тартылған. Жүйке жіптері байланған. Емі жоқ. Атақты профессор Фридманның өзі шарасыздық танытты...
- Тоқта, мырзам! Архивариус картаның шынайы екеніне куәлік ете ме?
- Сөз бар ма?
- Ендеше, түскен пайдадан аударып отырайық.
- Жоқ. Ақша офшорлық компанияға салынсын.
- Әкел қолыңды!
- Құпия картаның көшірмесі бір сағат ішінде алақаныңызда жатады.
- Кешкі салқын самалмен Джонсон Нобель мұнай өндірісі дейтін қазан шұңқырға барған. Ағаш мұнара қара май сіңіп, топыраққа отырып кеткен екен. Жұқанасы тұр.
- Анадай жерде орыстардан қалған мұнара қалқаяды. Астынан өнген су кептеп кетті ме, бір жағына қисайып қалыпты.
- «Коммунизм победит!» деген қаңылтырдағы қызыл жазуды да күн жеп тоздырыпты. Бір шегесі суырылып кеткен бе, желмен бірге тербеледі.
- Кешегі Ұлы Отан соғысы жылдары осы Доссордың мұнайын танкіге өңдеусіз бірден құйып жатты деген мәлімет бар-тын.



- Шубат – берблюда молоко. Мясо с маслом, сметану...
- Овощи, витамины?..
- Их кушает мой берблюд. Мы кушаем берблюд. Какой ещё нужен витамин?
- Поразительное варварство!
- А, что же случилось с ногой этой бедолаги? – стал в свою очередь интересоваться, говорят, он.
- Сухожилие стянуло. Нервные волокна спутаны. Лечения нет. Сам профессор Фридман проявил беспомощность...
- Погоди, господин хороший!.. Архивариус твой может освидетельствовать подлинность карты?
- Безусловно!
- В таком случае, будем переводить ему из получаемой прибыли.
- Не годится. Деньги должны поступить в офшоры прежде.
- Тогда по рукам!
- В течение часа копия засекреченной карты будет в ваших руках.
- Вместе с вечерней прохладой Джонсон прибыл в котловину, где по слухам, выкачивал нефть сам Нобель. Деревянная вышка, пропитанная мазутом глубоко осела в грунт. Сверху один каркас.
- Неподалеку сиротливо торчит и строение, оставленное русскими. Грунтовая вода подточила его и покосила на бок.
- Потускнела и изъеденная солнцем надпись на жестяном листе: «Коммунизм – победит!». Гвоздь один выскочил и лозунг поскрипывает на ветру.
- Прослышал, что в годы Второй Мировой Доссорскую нефть заливали в танки без переработки.



Зертханадан өткізген. Әлі міні құрамапты. Дүниежүзінің ең ірі кенішін иеленген бұл төрең бірте-бірте мұнай бағасын түсірер. Тіпті ең соңғы шекке дейін құлдыратар.

Сол кезде мұндай ұлан-ғайыр қоры жоқ қалт-құлт етіп отырған бақталас компаниялар жаппай омақаса құлар. Банкрот боп жығылар.

Олардың иманын үйіртіп барып, бұл ептеп-ептеп «қара алтынның» бәсін көтерер. Парафині аз мұнайдың бағасы өз-өзінен аспандап кетер. Қызыл сирақ боп қыр кезген қалталылар мұның алдына шөкелей жығылар.

Жығылар да «Көкөтай, қаңсып қалған заводтарымыздың таңдайына нәр тамыз. Жасыл қағазың әне, қаласаң алтының міне, тек бізге дегенде мырза қолыңды тарылта көрме», – деп жаутаң қағар. Паһ! Паһ!

Осыны ойлағанда көгілжім көкжиектің керегесі тіпті кеңейіп кеткендей көрінді...

Доссорда да шүкір, өзіне сай кіші-гірім мафиясы бар. Түнде тонай салу, күндіз қалтаға қол салу, базар жағалап зекет алу...

Тіпті өрістен оңаша қайтқан тоқты-торым кейде өзге қазанның қақпағын булап та жатады...

Оның бәрінің ұйтқысы мойны бір тұтам қортық қазақ. Өзіне айтқызсаң, түрме көрмеген. Бірақ бала күнінен мал соятын цехпен көрші тұрыпты. Содан қаны бұзылған.

Сол мойны бір тұтам қортық қазақ бүгін оншақты мафия мүшесін жинаған-ды.

- Өңшең иіс алмас, иттер! – деп салғаннан жерді екі теуіп жіберген. – Мұнай өндіруге келген шетелдіктердің не бүлдіріп жүргенін білесіңдер ме?

- Мұнара маңында жүр ғой.

Проверил в лаборатории. Качество было отменным. Постепенно он, в роли владельца самого крупного в мире месторождения, сможет сбивать мировую цену на нефть. Понизит её до самой низкой отметки.

Тогда, едва выживающие компании-конкуренты, не имеющие подобных запасов, начнут чахнуть. Станут банкротами.

Схватив их за горло, он, мало-по-малу, начнет отпускать цену на «черное золото». На рынке спрос на нефть с малым содержанием парафина подскочит сам по себе. Толстосумы из-за бугров и гор прибегут к нему, будут на коленях умолять.

Подобострастно верещать: «Отче ты наш, дай нам немного смазки для жерла ржавеющих наших заводов. Купюры твои зеленые – вот они, желаешь золотом – вот оно! Лишь, окажи нам милость, хозяин...», – Трах! Пух-Пух!

Какие приятные мысли! Кажется, сам горизонт с его серовато-голубоватой дымкой начинает растворяться в радужных просторах...

Слава создателю, в Доссоре тоже есть своя какая-никакая, но «мафия». В ночное время суток может пограбить, днем – пошерстить карманы прохожих и приезжих, опять же - контролировать подати с базара.

Иной раз даже чей-то мелкий заблудившийся скот может приятно побулькивать в чужом казанке...

И всему этому закваской и запевалой служит один казачонок-коротыш, с шеей, будто вросшей в плечи. Судя по словам его, - «зону не топтал». Одно только было – с малолетства рос рядом с цехом по забою животных. С той поры кровь и попортилась.

И этот казачонок-коротыш сколотил вокруг себя десяток членов бригады.

– Пёсье отродье, потерявшее нюх! – взрывался он, топнув раз-другой. – Знаете, что творят эти иностранцы, понаехавшие сюда качать нефть?

– Топчутся возле вышки.



- Үш вагоны бар.
- Нью – Доссор деген жана қала салары дейді.
- Өй, нәлет! – деді бұл мына жауапты естігенде. – Менің айырылып кеткен қатыным Айжан соларға бас аспаз боп алыпты.
- Естідік.
- Құтты болсын!

Мұны айтқан бір көзінің ағы бар аузы жылдам қара жігіт тепкінің астында қалды.

- Сол қаншық әлгі супервайзермен қойындасып алыпты. Бұл – бір. Екіншіден – осы ауылдағы селтендеген тоғыз қызды ертіп апарып жұмысқа тұрғызыпты.
- Не жұмыс екен?
- Күндіз ас пісіреді, кір жуады, түнде..

- Түн ортасында барамыз, - деп сөзді мойны бір тұтам қортық қазақ қысқа қайырды. – Көрейік әуелесін. Әзір тұрындар!

Ай ақшелектей төңкеріліп, аспан өрісін жұлдыздарға қалдырған шақ-ты. Бір қорап машинаға тиелген мафия мүшелері тым-тырыс жатқан үш вагонның жанына келіп тоқтады.

Түнгі қонақтардың жүрісі жәй емесін сезген супервайзер есік ашқан. Ақшулан төс жүні бұрқырап иегіне жалғасып кеткен еңгезердей жігіттің қолтығынан ішкөйлегі ағараңдап Айжанның да басы көрінді.

- Не керек?
- Бұл менің қатыным! Шығар бері!
- Бетің құрсын, кәпір! – Қолтықтағы бас тайынар емес. – Қараңды батыр!
- Шығар дедім! – деп мойны бір тұтам қортық қазақ қолы жеткен жерге жармасты.



- Три вагончика у них.
- Мечту кидают – построить город «Нью-Доссор»!
- Во, черт! – сказал он, прослушав ответы. – А моя бывшая баба Айжан прислуживает им теперь шеф-поваром!
- Да слышали.
- Мои поздравления!

Ляпнувший последнюю фразу словоохотливый смуглый парень с бельмом в зрачке тут же поймавал в свой адрес пинок ботинком.

- Так эта сучка теперь перед супервайзером хвостом виляет, во-первых. Во-вторых, погнала туда и на халяву пристроила девять местных девиц, скучавших в поселке без работы.
- А что за работа?
- Днем они варят-парят, а по ночам их самих жарят.

– Сходняк в полночь, – отрезал казачонок-коротыш, с шеей, будто вросшей в плечи. – Проверим их потенцию. Держите хвост пистолетом!

...Опрокинулась серебряная чаша месяца, оставляя ночной выпас многочисленным звездам. Машина, набитая братвой, подъехала и остановилась рядом с тремя отошедшими на отдых вагончиками.

Супервайзер, почувствовав, что визит ночных гостей небеспричинен, открыл дверь. Из под руки здорового детины с белесой волосатой грудью, поросшей до самого подбородка, выглянула голова Айжан в белой ночной сорочке.

- Что надо?
- Она моя жена. Давай её сюда!
- Глаза б мои тебя не видели, наглец! – запищала голова из-под подмышек. – Исчезни, я сказала!
- Давай сюда, говорю! – требовал казачонок-коротыш, пытаясь рукой за что-то ухватиться.



– Кімді басынасың, а?

- Крис менің байым. Ұстама төс жүнінен, - деп Айжан әлгінің қолын қағып жіберсін. – Тиіп алғам!

Бұл кезде өзге вагонда жатқан тоғыз шетелдік пен осы ауылдың селтендеген тоғыз қызына да топалаң тиіп жатқан. Доссорлық мафия қыздарды алып кетеміз, сендерге тегін қатын қылмаймыз десіп жағаласулы еді.

- Намыс қайда? – деп әлгі тепкі жеп тынған бір көзінің ағы бар аузы жылдам қара жігіт бажылдап жатты.

- Ақша тауып, әйел қылсаңдар қой деппіз бе?

- Ұят қайда?

- Басыңа езіп жақ!

- Өңшең жәлап! Тапқандарыңды бізбен бөлісесіңдер.

-  
Мафия мүшелері көзі-басы көгеріп вагоннан қашып шыққанда мойны бір тұтам қортық казак та сыбағасын алып жатыр екен. Құмдауыт жерге шалқалай құлапты.

Кеудесіне ақшулан төс жүні бұрқырап иегіне жалғасып кеткен супервайзер аяқты сап атша мініпті. Астында жатқан байғұс бақырып-шақырып балағаттайды.

Балағаттаған сайын ішкөйлегі ағараңдап Айжан бір уыс құмды аузына құя салады. Құмы түскір таусыла ма?..

Түйеші Нағим шалды айтам-ау. Өзі аңқаусоқ. Бір садақада отырып: «Осы жасқа жеткенше аузымнан сүйген алғашқы әйел. Не десең де тегі кәпір ғой. Ұшынып кетем бе деп қорықтым.

- Ой, пәлі-ай! - деп тамсанып ел-жұрты қыран-топан күлкіге көмген.

– Перед кем выступаешь, а?

– Крис мой муж. Не трогай его волосы. – кричала Айжан, отбивая руку. – Я вышла за него!

В ту минуту переполох, вызванный полуночной братией, взбудоражил и другие вагончики, в которых устроились девять иностранцев с местными девятью девицами, скучавшими в поселке без работы. Доморощенная мафия грозила, что девок заберет, что-де бесплатных баб им здесь не будет.

– Самолюбие, где? – протестовал словоохотливый смуглый парень с бельмом на глазу, молчавший после пинка ботинком.

– Заработай и имей жену, кто, что скажет?!

– А, где ваша совесть?

– Размажь по голове!

– Одни шалавы! Навар поделите с нами!

В тот момент, когда уже побитые члены братвы высказывали и вылетали из вагончиков, казачок-коротыш получал свою долю тоже. Навзничь приземлился на песчанную почву.

На нем верхом восседал супервайзер, с белесой волосатой грудью поросшей до самого подбородка. Несчастный под ним и орал, и поносил матом.

Но после каждого сквернословия Айжан, мелькая белой ночной сорочкой, засыпала ему в рот горсть песка. А песок-то, будь он не ладен, разве кончается?..

... Верблюдовод Нагим - сама простота. Как-то на очередных поминках рассмешил всех присутствующих: «Всякое видел на своем веку, но она – первая женщина, поцеловавшая меня прямо в рот, – смаковал он не без удовольствия.

– Что ни говори, порода, ведь, кафирская. Боялся, что проказа вылезет на губах. Ох, и шустрая она!».



- Аяғын түзеп алсаң еш кемдігі жоқ.

- Бәйбіше адам көрінеді. Көзінің көктігі, сөзінің көптігі болмаса, - деп құрдастары жел берген.

Бір кеште түйе қайырып жүріп мұнара басына соққан. Жігіттер жұмыстарымен болып жатты. Вагон көлеңкесінде көңілсіздеу кейіпте Милли ханым отыр. Ымдаса кетті. Бақса ауру аяғы қақсап, аттап басуға зар боп қалыпты.

Қызыл бет нарттай шал сонда орнынан қопарыла тұрған. Қияқ мұртын бір сылап, шөгіп жатқан бурасына келген.

Желгенде жер қағатын шудасының түбінен жуан уыс ғып бәкісімен қырқып алған.

Аспазшы қыздарға айтып әлгіні тұзды суға сап әбден қайнатты. Содан қанжылым қалпы аяғын бауырына алып жатқан Милли ханымның ойбайына қарамай шуданы оратқан. Сыртын дәкемен байлатқан.

Алла абырой берейін десе қиын ба, ертеңіне Милли ханымның түймедей көзі шырадай жаныпты.

Ауруының басылғаны өз алдына, осыдан отыз жыл бұрын семіп, тартылып қалған сіңірі жұмсарып, кәдімгідей жібіпті.

Орнынан тұра сала «Бура-шуда» деп қақылдап қоймаған соң түйеші шалды іздеуге жеңіл көлік қойып аттанған...

Содан Нағимнан қыл елі қалмай бураның артқы өркешіне жармасып кетті. Тағы бір жеті күнде тағын ұмытып, вагон басындағыларды таң-тамаша еткен.

Қайтып мұнда көп тұрақтамады. Оңаша құдық басында отырған Нағим тағы бір келгенінде ере жүрді.



– Ногу ей поправишь и дело с концом.

– Домовитая хозяйка будет. Только, что глаза голубые, да слова заводные, – шутили над ним друзья-старожилы.

Однажды вечером, собирая своих двугорбых подшефных, он завернул на вышку. Мужчины были заняты своим делом. В тени вагончика без в подавленном настроении притулилась госпожа Милли. Начал что-то жестаами спрашивать. Оказалось, что разболелась нога и не давала шагу ступить.

Тогда краснощекий крепкий старик поднялся с места без промедления. Пригладив изогнутые подковой усы, подошел к лежавшему на коленях верблюду.

Перочинным ножом срезал толстый пучок шерсти, свисающей под шеей и цепляющейся за землю при скачке рысью.

Попросив девчат-поварих, как следует прокипятил это достояние в соленой воде. Затем обмотал этим средством ногу свернувшейся калачиком госпожи Милли, невзирая на её вопли и недоумение. Снаружи перебинтовал.

Богу при случае не трудно одарить человека, и на завтра пуговицы глаз госпожи Милли засияли словно лампадки.

Мало того, что прошла боль, сухожилие, которое стянулось и высохло тридцать лет тому назад, вдруг размякло и стало подавать признаки жизни.

На поиски старика-верблюдовода срочно снарядили легковую машину, так как, пробудившись, Милли не переставала повторять невнятные им слова «Бура-шуда»...\*

Позже она уже не отставала от Нагима ни на волосок, крепко обхватив задний горб его жожака-верблюда. Спустя еще семь дней она забросила палку, чем приятно озадачила сим фактом жителей вагончиков.

Надолго она потом среди них не задержалась. В один из дней, когда появился Нагим, уединенно живший возле колодца, она пошла за ним вслед.



Келесі жолы «Ешкінің шикі сүтін іштім. Емдік қасиеті күшті. Бетімде отыз екі әжім бар еді. Қазірде соның алтауы ғана қалды» – деп бір қойды...

«Қаймақ жаладым, калориясы көп екен. О, сафари», - деп денесі торланып, көзі жайнақтап бір көрініп кеткен...

- Ғылым ше? Өлгі мұрты тарам-тарам кесіртке ше? – деген сапарластарына.

– Таптым! Өмір бойы іздегенімді, - депті.  
Нені меңзегенін кім білсін?!?..

Джонсонның алпауыт қимылынан шошынған кейбір шетелдік әріптестер жалынып-жалпайып жүріп бес-жеті пайыздан құрылтайшылыққа енген.

Банктердің көмейіне тығып тастаған миллиардтаған долларын нөсердей жаудырған. Айналасы ат шаптырым жерді алып жатқан ғажайып кешен де тез бітуге қалды.

Өңешінің өзі үрейінді ұшырататын қара құбырлар дүниенің төрт тарабы менікі дегендей күн сайын бірінен бірі мойын оздырып жатты.

Үш алып трактордың жетектеуімен эзер жеткен зәулім мұнараның бұрғылау станогі қара жер төсін күндіз-түні тынымсыз үңгі берді, үңгі берді...

- Бес мың метрлік шектен астық, - деген лепті хабар шетел асып жатты.

- Алты мың метрге жеттік, - деген сөз әр құлаққа әуезе боп естілді.

- Межелі жеті мың метрді бағындырдық, - деген уәж неткен сүйкімді еді.

- Сегіз мың метр тереңдіктен мұнай бұрқағын күтеміз. Ғажайып кешен де, дүниенің төрт тарабына құлашын жайған құбырлар да кірпік қақпай ұлы оқиғаға куә болсақ деп тағатсызданып тұр.



В другой раз она объявила: «Пила козьё сырое молоко. Отличные целебные свойства. Я насчитывала тридцать две морщины. Сейчас из них осталось только шесть...».

В следующую встречу: «О, сафари! Кушала настоящие сливки – вот вам и все калории...», – восхищалась она, помолодевшая и душой, и телом...

А на вопросы своих спутников: «А как же наука? А как же ящерица с удивительно ветвистыми усами?» – она отвечала:

– Нашла! Я нашла то, что искала всю свою жизнь! Кто его знает, что она имела в виду?!?

Увлечшись громадьём стратегических планов Джонсона, некоторые зарубежные партнеры, угодничая и заискивая, вошли в состав учредителей под пять – семь процентов.

Миллиарды долларов, таящиеся в чревах банков, разверзлись ливнем. Завершалось и возведение грандиозного комплекса на площади размахом с конный ипподром.

Черные трубы, пугающие одним своим жерлом, грозя поглотить все четыре стороны света, день изо дня, опережая друг друга, наращивали свое гигантское тулово.

Бурильный станок подпирающей небо нефтьвышки, прибуксированной тремя тракторами-великанами, и день, и ночь все глубже и глубже вгрызался в земную твердь...

– Миновали границу пяти тысяч метров, – летела по миру восторженная новость.

– Достигли шести тысяч метров, – ласкало радужной молвой слух каждого.

– Покорили межевой рубеж семи тысяч! – какой замечательный информационный повод для торжества.

– На глубине восьми тысяч ожидали фонтан нефти. И грандиозный комплекс, и гигантские трубы, распростершие на четыре стороны света свои объятия, неусыпно ждали того часа, когда станут свидетелями и участниками великого события.





- Тоғыз мың метрден астық. Қоймалжың лай шықты, - деген суыт хабар ақша қосқан әріптестердің үрейін ұшырды.

- Қазындар!

- Үңгіндер!

- Тесіндер! – деген зәрлі дауыс аспан астын жарып жібере жаздады.

– Он төрт мың метрге бойладық. Тіпті ылғал жоқ. Бұрғы басындағы әрбірі бір миллион доллар тұратын алмастың бесеуін бірдей жер астына түсіріп алдық. Алынар емес, - деген қаралы хабар жержаһанға лезде жайылды.

Жандары көз ұшында үріккен Джонсон мен имек мұрын, сілінгір қара, Доссорда атышулы көріпкел молда бар, соған құмалақ аштырындар, мұның сырын сол білер, дегенді естіпті.

Алатаңмен дәрет алып, таң намазына жығылып жатқан молданың жанына барып бұларда екпеттей құлапты.

Сәлдесі дағарадай бекзат бітім келгендердің шаруасын сұрамапты. Тек кіндік қаққан ұзын сақалын салалап отырып-отырып:

- Шайтанға жандарыңды сатқан екенсіңдер, балалар. Жер-Ананың қарғысын арқалапсыңдар. Қайтарымы жоқ. Осы тойғандарыңмен елдеріңе оралыңдар, - депті-мыс...

Кішкентай қайшыдай аузын аңызға тосып бозторғай әлі күнге сол мұнаның ұшар басына қонады.

Төменде бүйірі майысқан қара шелегін көтеріп бір бозбала жермайға кетіп бара жатады деседі.

– Прошли девять тысяч метров. Пошла грунтовая каша, – тревожное сообщение нагнетало страх на партнеров, вложивших большие деньги.

– Бурите!

- Глубже!

- Ещё глубже! - Раздавались истошные голоса, взрывающие небеса

– Погрузились на глубину четырнадцати тысяч метров. Нет даже влаги. Пять алмазных наконечников остались в недрах земли. Каждый стоимостью в миллион долларов. Достать не представляется возможным, – траурная весть моментально облетела земной шар.

Джонсон и его пепельно-черный с серповидным носом напарник, со смертельным страхом в зрачках, слышали только, что в Доссоре проживает знаменитый ясновидец, пусть он погадает на камешках, раскроет тайну, которая ему одному быть может и ведомо.

Приспели к заутренней молитве муллы-ясновидца, который еще до зари, совершив омовение, склонился в благоверном намазе. Рухнули перед ним ниц.

Благородного склада в высокой чалме, он и не спросил пришельцев, зачем пожаловали. Посидел молча, перебирая свою длинную до пояса бороду и, как гласит молва, дескать, сказал:

– Вы заложили свою душу дьяволу, дети мои... Заслужили кары нашей Матери-Земли. Возврата в прошлое нет. Отправляйтесь лучше на родину с тем, с чем пожаловали...

Жаворонок, подставляя мимолетному суховею свой маленький, точно крохотные ножницы, клювик, и по сей день садится на макушку той вышки.

А ещё говорят, - под ней с закоптелым помятым ведром тот же паренёк, как и прежде, ходит за «земным маслом».

*Примечания:*

\* *Бура-шуда* – бура – верблюд производитель, шуда – его шерсть из-под подбородка

